

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Сол жылдағы «Зайсан қазақтары» қандай болды ?

ЖАРИЯЛАНДЫ
11.02.2024СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/149341/

Сол жылдағы «Зайсан қазақтары» қандай болды ?

1913 жылы 2 ақпанда жарық көрген «Қазақ» газеті-баспасөз тарихындағы қоғамдық-саяси, әдеби және мәдени гәзетінің бірі. Орынбор қаласында алғашында аптасына бір рет кеіін 1915 жылдан бастап аптасына екі мәрте шығып отқан. «Қазақ» газетінің редакторы алаш зиялыларының бірі Ахмет Байтұрсынұлы болды, оның өкілетті өкілі М.Дулатұлы болды.Кеіін келе 1918 жылдан бастап газетті Ж.Жәнібекұлы басқарды. Осы тұста қазақтың ұлы жазушылары А.Байтұрсынұлы, Ә.Бөкейхан, М.Дулатұлы, Ғ.Қараш, Ж.Тілеулин, Ш.Құдайбердіұлы, Ж.Сейдалин, Х.Болғанбаев секілді тағы басқа ұлы жазушы тұлғалардың мақалалары жарыққа шығып отырды. «Қазақ» газетінде сол замандағы қазақ халқының саяси-әлеуметтік жағдайлары жайлы, салт-дәстүр, әдет-ғұрыптары секілді өзекті мақалалар жариялап отырды.хх ғасыр басындағы аталмыш газеттің орны ерекше. «Қазақ» газетін оқыған тұтастай жалпы жұрттың ықыласпен оқитын басылымына айналды. Сол секілді «Қазақ» газетінде жарияланған мақалалардың бірі «Зайсан қазақтары».

«Зайсан қазақтары» мақаласында сол кезеңдегі байбатшалардың бірі Маңғозин һамматы арқасында Қыстаубай мырза қазақ балаларына арнап мектеп аштырады. Бұл қазақ балаларына деген махаббат, олардың өсіп өркендеуіне білімді ұрпақ болуына деген сенім. Мақала жолдарында оқушылардың емтиханда қорықпай өздерін еркін ұстауынан сол кездегі мұғалімдердің оқушыларға берген білімін көруге болады, сонымен қатар сол заман жастарының оқуға деген зеректілігінде айшықтап тұр. Сол бір қиын-қыстау заманда жастардың білімге деген құштарлығының орны қашанда ерекше, және сол тұста мектеп ашып қазақ балаларын ілімге жетелеген Қыстаубай мырзаның мектеп ашып, мұғалімдер ұстап, білімге құштар жастардың мақсаттарына жету үшін үлкен септігін тигізді. Адам өлсе де еңбегі өлмеиді. Қыстаубай мырза үлкен игі іс жасады, өзі бүгінгі таңда жоқ болғанымен,қазақ жастарына жасаған игі істері бүгінгі таңда қағаз бетінде осы және келер ұрпаққа үлгі аларлықтай болып тұр.Бұл ісі тек

оқытқан оқушыларға ғана емес барша қазақ халқына деген көмегі еді. Жалпы «Қазақ» газеті бұл мақаланы жарыққа шығаруының себебі қазақ халқын Зайсан өңірі тумаларының қандай халыққа жанашыр, жалындаған жастарға деген көмегі жайлы «Қазақ» газеті арқылы оқымысты жандар назарына жеткізді. «Қазақ» газеті 5 жыл жұмыс атқарсада сол уақыттар арасынан , қазақ баспасөзінен алар тарихи орны ерекше.

Орындаған: Сұлтанбай Данияр.

Журналистика факультеті 1 курс.

Жетекшісі: фил.ғ.к.доцент

Р.С. Жақсылықбаева.

КМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.